

**«БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДАҒЫ ДИСТГРАФИЯ,
ДИСЛЕКСИЯ, ДИСКАЛЬКУЛИЯ: НЕЙРОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
АЛҒЫШАРТТАРЫ, ДИАГНОСТИКА ЖӘНЕ ТҮЗЕТЕ -ДАМЫТУ
ЖҰМЫСТАРЫ» атты жалпы, инклюзивті білім беру мектептерінің
бастауыш сынып мұғалімдері, арнайы педагогтарының БІЛІКТІЛІГІН
АРТТЫРУ
КУРСЫНЫҢ (80 сағаттық) БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының «Бастауыш сынып оқушыларындағы дисграфия, дислексия, дискалькулия: нейропсихологиялық алғышарттары, диагностика және түзете -дамыту жұмыстары» атты жалпы, инклюзивті білім беру мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдері, арнайы педагогтарын оқытуды реттейді.

2. Курстың мақсаты - жалпы, инклюзивті білім беру мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдерінің, арнайы педагогтарының бастауыш сынып оқушыларында кездесетін дисграфия, дислексия, дискалькулия: нейропсихологиялық алғышарттары, диагностика және түзете - дамыту жұмыстары бойынша білімдерін кеңейту, ақпарат беру, педагогтардың кәсіби күзiреттiлiктерiн жетiлдiру болып табылады.

3. Курстық оқыту онлайн сабақтар мен офлайн жаттығуларын қамтиды.

Сабақтың мазмұны осы Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес оқу жоспарында ұсынылған.

2. Глоссарий

4. Курстың глоссарийі төмендегі негізгі ұғымдарды қамтиды:

1) Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар);

2) Білім алу үшін арнаулы жағдайлар – ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;

3) Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау;

4) Логопедия (paideia- тәрбиелеймін, оқытамын) – сөйлеу тілі, оның дамуының бұзылуын зерттейтін және оны арнайы оқыту мен тәрбиелеу тәсілдерін қолдану арқылы түзетуі мен болдырмауын қарастыратын ғылым;

5) Анализатор- сыртқы және ішкі дүниенің күрділі тітіркендіргешерін жеке элементтерге ажыратып, яғни талдау (анализ) жасайтын нервтік механизм. Аппарат (гр.т. apparatus) – адамның, жануар мен өсімдіктің организмдеріндегі ерекше бір қызметті атқаратын мүшелердің жиынтығы (мысалы, ас қорыту аппараты, артикуляциялық аппарат);

6) Этиология (гр.т. aіtio - себеп, logos - ғылым) – аурудың пайда болуының себебі мен шарты туралы ілім; аурудың пайда болу себебі немесе патологиялық жағдайы;

7) Онтогенез (гр.т. on, ontos – болмыс, тіршілік)- тіршіліктің пайда болукезінен аяқталуына дейінгі өзінің өзгеріске ұшырауын қамтитын организмнің дербес дамуы;

8) Дисграфия- жазудың қабілетінің жартылай бұзылуы;

9) Аграфия (гр.т. grapho – жазу) – сөйлеу қабілетінің түрлі кемшіліктеріне байланысты жазу қабілетінің бұзылуы. Алексия (грек тілінен leis-оқу)- бас миының зақымдалу салдарынан оқу қабілетінің жойылуы. Ол жазу қабілетінің жойылуымен (аграфиямен) және сөйлеу тілінің бұзылуымен тығыз байланысты;

10) Дислексия- оқу процесінің жартылай бұзылуы;

11) Дизорфография - қажетті ережелерді білуіне қарамастан, орфографиялық дағдылары қалыптасып, меңгере алмаудың салдарынан жазуда байқалатын тұрақты, ерекше қателердің түрлері;

12) ЖСТД - жалпы сөйлеу тіл дамымауы. Есту қабілеті мен ой-өрісі әдеттегідей дамыған балалардың дыбыстық, мағыналық жағына қатысты 494 сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын әртүрлі күрделі тіл кемістіктері;

13) ФФЖ - фонетикалық-фонематикалық жетіспеушілік. Фонемді қабылдау және айтуындағы ақаулықтардың салдарынан әр түрлі тіл кемістіктері бар балалардың ана тілінде сөйлеу жүйесінің бұзылуы. Есту қабілеті және ойлау қабілеті сақталған;

14) Брока орталығы – сөйлеу тілінің моторлық жағын ұйымдастыруын қамтамасыз ететін, бас миының сол жақ жартысында орналасқан бөлігі;

15) Вернике орталығы – ми қыртысындағы сөзді қабылдау орталығы.

3. Бағдарламаның тақырыбы

5. Бүгінгі таңда өкінішке орай, жалпы білім беру жағдайында білім алатын оқушылар арасында оқу қиындығы бар балалардың саны артып келеді. Оқу қиындықтары өздігінен жойылмайтындығын есепке ала отырып, оқу қиындықтарының себептерін дұрыс анықтап, түзету - дамыту жұмыстарын уақытында, нәтижелі ұйымдастыру болашақта балалардың оқу үлгерімінің артуына ғана емес, сонымен қатар танымдық үрдістерінде дұрыс дамытып, академиялық білімдерін арттыруға, әлеметтенуіне де септігін тигізеді. Бастауыш сынып оқушыларындағы дисграфия, дислексия, дискалькулия сияқты оқу қиындықтары бар балалармен жұмыс жасау барысындағы қиындықтары мен өзекті сұраныстарын есепке ала отырып, біліктілікті арттыру бағдарламасы келесі модуль тақырыптарын қамтыды:

- Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін дисграфия, дислексия, дискалькулия: нейропсихологиялық алғышарттары;
- Дисграфиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны;
- Дислексиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны;
- Дискалькулиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны.

4 -тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Курстың мақсаты - жалпы, инклюзивті білім беру мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдерінің, арнайы педагогтарының бастауыш сынып оқушыларында кездесетін дисграфия, дислексия, дискалькулия: нейропсихологиялық алғышарттары, диагностика және түзете - дамыту жұмыстары бойынша білімдерін кеңейту, ақпарат беру, педагогтардың кәсіби кәсіптіктері жетілдіру болып табылады.

7. Курстың міндеттері:

- Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін дисграфия, дислексия, дискалькулия: нейропсихологиялық алғышарттары: дисграфия, дислексия, дискалькулияның анатомиялық – физиологиялық, нейропсихологиялық механизмдері. Оқу қиындығы бар балалардағы дисграфия, дислексия, дискалькулия, пайда болу себептері, салдары туралы түсініктерін кеңейту, ақпарат беру.

- Дисграфиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұнымен таныстыру, білімдерін кеңейту;

- Дислексиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұнымен таныстыру, білімдерін кеңейту;

- Дискалькулиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұнымен таныстыру, теориялық және практикалық білімдерін кеңейту.

8. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

- Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін дисграфия, дислексия, дискалькулия: нейропсихологиялық алғышарттары: дисграфия, дислексия, дискалькулияның анатомиялық – физиологиялық, нейропсихологиялық механизмдері. Оқу қиындығы бар балалардағы дисграфия, дислексия, дискалькулия, пайда болу себептері, салдары туралы түсініктері пайда болады, білімдері кеңейеді;

- Дисграфиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұнымен танысып, білімдерін кеңейеді;

- Дислексиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұнымен танысып, білімдерін кеңейеді;

- Дискалькулиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұнымен танысып, теориялық және практикалық білімдері кеңейеді.

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

- 1) Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін дисграфия, дислексия, дискалькулия: нейропсихологиялық алғышарттары;
- 2) Дисграфиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны;
- 3) Дислексиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны;
- 4) Дискалькулиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны.
- 5) Вариативтік.

Вариативтік бөлім кіріс сауалнамасының нәтижесі бойынша курс тыңдаушылардың сұранысымен құрастырылады. Әр модульдің мазмұны келесі тақырыптарды қамтиды:

1) «Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін дисграфия, дислексия, дискалькулия: нейропсихологиялық алғышарттары» атты модульде: Дисграфия, дислексия, дискалькулияның анатомиялық – физиологиялық, нейропсихологиялық механизмдері. Оқу қиындығы бар балалардағы дисграфия, дислексия, дискалькулия, пайда болу себептері, салдары.

2) «Дисграфиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны» атты модульде:

Дисграфия түсінігі, мазмұны. Дисграфияның түрлері (акустикалық, артикуляциялық - акустикалық, оптикалық, диспраксиялық, тілдік талдау мен жинақтау бұзылыстарынан туындаған дисграфия, грамматикалық, дизорфографиялық т.б). Бастауыш сынып оқушыларында дисграфияны анықтау. Дисграфиясы бар балалармен түзете-дамытушылық жұмыстың мазмұны.

3) «Дислексиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны:» атты модульде:

Дислексия түсінігі, мазмұны. Дислексияның түрлері (оптикалық, мнестикалық, фонематикалық, моторлы (динамикалық), семантикалық, грамматикалық, тактильді т.б). Бастауыш сынып оқушыларында дислексияны анықтау. Дислексиясы бар балалармен түзете-дамытушылық жұмыстың мазмұны.

4) «Дискалькулиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны:» атты модульде:

Дискалькулия түсінігі, мазмұны. Қарапайым математикалық түсініктер мен амалдарды меңгеру үрдісінің психологиялық құрылымы. Есептеу операцияларын тиімді меңгерудің сөйлеу тілдік және когнитивті алғышарттары. Есептеу операцияларын меңгерудің бұзылыстары (дискалькулия). Дискалькулияны түзету мен алдын алу. Дискалькулия және гнозис (уақыттық, кеңістіктік, сандық т.б) . Дискалькулия кезінде балалардың математикалық логикалық ойлау операцияларының сабақтастығын қалыптастыру жұмыстары (салыстыру, жинақтау, топтастыру т.б).

10. Оқу процесін ұйымдастыру

Бағдарлама қашықтан (онлайн) оқыту тәртібінде жүзеге асырылады.

1) бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес аралас оқыту қарастырылған. Аралас оқыту оқытудың үш кезеңін қамтиды: күндізгі - 24 сағат, қашықтан- 40 сағат, өздігінен -16 сағат. Күндізгі оқу курстың соңғы күндерінде өткізіледі.

16. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтар мен жұптардағы практикалық жұмыс, мастер-класс, кейс әдісі, сұрақтарды бірлесіп шешу, сонымен қатар аралас оқыту режимінде курсқа арналған вебинар, онлайн дәріс және тыңдаушының өзін-өзі оқытуы.

17. Мұғалімдердің бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін: топтарда жұмысты кеңінен қолдану, содан кейін талқылау және рефлексия; шағын топтардағы теория мен практиканың негізгі мәселелерін талқылау, содан кейін ұжымдық жұмыстарды ұсыну қарастырылған.

11. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Курстың оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне мыналар кіреді:

- 1) біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасы;
- 2) көрсетілімдер, үлестірме материалдар;
- 3) кейстердің үлгілері;
- 4) сауалнама парақтары, оқу материалдары;
- 5) тест тапсырмалары;
- 6) кері байланыс сауалнамалары.

12. Оқу нәтижелерін бағалау

19. Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: бақылау жұмысы, экспресс-сауалнамалар, тестілеу жүргізіледі.

20. Педагогтардың қызметін бағалау бақылау және тест тапсырмаларын орындау нәтижелері бойынша, сондай-ақ курстардан өту барысында практикалық жұмысқа қатысу бойынша жүзеге асырылады және келесі рәсімдер кешенінен тұрады. Курсты сәтті өту үшін ең төменгі өту баллы – 75%.

1. Бағдарлама мазмұны бойынша білімді тексеретін тест тапсырмалары. Курс жетекшісі әзірлейді және оны оқу аяқталған кезде жүргізеді. Курстың соңында қорытынды есеп 30 балл жинауға мүмкіндік береді (әр дұрыс жауап үшін 1 баллдан 30 сұрақ).

21. Мұғалімнің жеке және кәсіби дамуына бағытталған біліктілікті арттыру процесінің тиімділігі мен тиімділігінің өлшемшарты курсанттың курстық дайындық кезінде және курстан кейінгі кезеңде көрсеткен кәсіби белсенділігі болып табылады. Тест бойынша 75% және одан жоғары балл жинаған курс аяқталғаннан кейін тыңдаушыларға біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат беріледі.

Курсты аяқтағаннан кейін 50%-дан 74,9%-ға дейін балл жинаған тыңдаушыларға курсты аяқтағаннан кейін бір ай ішінде сынақты қайта тапсыруға және бақылау жұмысын орындауға бір реттік мүмкіндік беріледі. Курсты аяқтағаннан кейін 50%-дан аз алған тыңдаушыларға сертификат берілмейді.

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

23. Курстан кейінгі сүйемелдеу қашықтан кеңес беру, тәжірибе алмасу түрінде жүзеге асырылады.

Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Қ. Қ. Өмірбекова, Г. С. Оразаева, Г. Н. Төлебиева, Г. Б. Ибатова ЛОГОПЕДИЯ. оқулық. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен. Алматы, 2011
2. Өмірбекова Қ.Қ. Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы және түзету жолдары: Оқу құралы. – Алматы, Абай ат. ҚазҰПУ, 2010 – 115 б
3. Ибатова, Г.Б., Оразаева, Г.С. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жағдайында логопедиялық жұмыстың ұйымдастырылуы және мазмұны: Оқу құралы. - Алматы: Абай атындағы Қаз ҰПУ, 2014. - 58б
4. Величенкова О.А., Русецкая М.Н. В27 Логопедическая работа по преодолению нарушений чтения и письма у младших школьников. — М.: Национальный книжный центр, 2015.
5. Дисграфия, дислексия : технология преодоления: пособие для логопедов, учителей, психологов, студентов педагогических специальностей/И.Н. Садовникова. — М. : ПАРАДИГМА, 2011. — 279 с.
6. Баряева Л. Дискалькулия у детей: профилактика и коррекция нарушений в овладении счетной деятельностью / Л. Баряева, С. Кондратьева. – МЦНИП, 2013 – 185 с.
7. Лалаева Р.И. Дискалькулии у детей / Р.И. Лалаева, А. Гермаковска // Дети с проблемами в развитии. – 2004 – №2. – С. 7–9.
8. Лалаева Р.И. Нарушения в овладении математикой (дискалькулии) у младших школьников. Диагностика, профилактика и коррекция: Учебно-методическое пособие / Р.И. Лалаева, А. Гермаковска. – СПб.: Союз, 2005 – 176 с.

Курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыптары	Сағат саны
1	«Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін дисграфия, дислексия, дискалькулия: нейропсихологиялық алғышарттары» атты модульде:	12
1.1	Дисграфия, дислексия, дискалькулияның анатомиялық – физиологиялық, нейропсихологиялық механизмдері.	6
1.2	Оқу қиындығы бар балалардағы дисграфия, дислексия, дискалькулия, пайда болу себептері, салдары	6
2	«Дисграфиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны» атты модульде:	17
2.1	Дисграфия түсінігі, мазмұны. Дисграфияның түрлері (акустикалық, артикуляциялық - акустикалық, оптикалық, диспраксиялық, тілдік талдау мен жинақтау бұзылыстарынан туындаған дисграфия, аграмматикалық, дизорфографиялық т.б).	10
2.2	Бастауыш сынып оқушыларында дисграфияны анықтау.	4
2.3	Дисграфиясы бар балалармен түзете-дамытушылық жұмыстың мазұны.	3
3	«Дислексиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны:» атты модульде:	24
3.1	Дислексия түсінігі, мазмұны. Дислексияның түрлері (оптикалық, мнестикалық, фонематикалық, моторлы (динамикалық), семантикалық, аграмматикалық, тактильді т.б).	10
3.2	Бастауыш сынып оқушыларында дислексияны анықтау.	7
3.3	Дислексиясы бар балалармен түзете-дамытушылық жұмыстың мазұны.	7

4	«Дискалькулиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс мазмұны:» атты модульде:	27
4.1	Дискалькулия түсінігі, мазмұны. Қарапайым математикалық түсініктер мен амалдарды меңгеру үрдісінің психологиялық құрылымы. Есептеу операцияларын тиімді меңгерудің сөйлеу тілдік және когнитивті алғышарттары.	9
4.2	Есептеу операцияларын меңгерудің бұзылыстары (дискалькулия). Дискалькулияны түзету мен алдын алу. Дискалькулия және гнозис (уақыттық, кеңістіктік, сандық т.б) .	7
4.3	Дискалькулия кезінде балалардың математикалық логикалық ойлау операцияларының сабақтастығын қалыптастыру жұмыстары (салыстыру, жинақтау, топтастыру т.б).	7
5	Вариативтік модуль	4
	Барлығы:	80